

Дата-журналистер мемлекеттік органдардың ресми сайттарынан статистикаға, анықтамалық ақпаратқа, мемлекеттік және жеке компаниялардың белгілі бір кезеңдегі жұмысы туралы жарияланған есептеріне, тіпті әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың профильдерінен алынған ақпаратқа жүгінеді.

Егер автор проблемадан шешім тапса, деректерді іздеу жалпыдан жалқыға өтеді, тіпті құпия деректермен зерттеулер де жүргізіледі. Әдетте алгоритм келесідей:

1. Алдымен біз Қазақстандық деректер базасы мен бірыңғай ведомствоаралық ақпараттық-статистикалық жүйенің (EMISS) деректерін іздейміз. Әдетте, мұнда көптеген тақырыптар бойынша кем дегенде жалпы мәліметтер бар.

2. Журналистер заңдарды, даму стратегияларын және мемлекеттік бағдарламаларды қарастырады. Егер бұл анық болмаса, қандай ведомстволар проблемамен айналысатынын білу қажет.

Сонымен қатар, стратегия қосымшаларында әрқашан мақсаттар мен олардың ағымдағы мәндері болады. Кейде бұл жалғыз ашық дереккөз болуы мүмкін.

3. Қажетті федералды ведомстволардың — Денсаулық сақтау Министрлігінің, Мәдениет министрлігінің және аймақтық сайттарын зерттеп деректерді салыстырады. Барлық деректер EMISS базасына кірмейді, кейбір деректер ведомстволық сайттарда жарияланатынын ескеру керек.

Тағы да қажетті деректер ведомстволардың есептері мен жарияланымдарында қамтылған.

4. Салалық институттардың, ҮЕҰ, қорлардың, түрлі зерттеу жобаларының сайттарын тексереді.

5. Егер зерттеуге алынған мәліметтер ашық деректер туралы қаулылар тізімінде көрсетілсе және қандай да бір мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жиналуға тиіс болса, бірақ олар еш жерде жарияланбаса, журналист тиісті ведомствоға сұрау салады, заң бұған мүмкіндік береді.

Сұрау салуды ведомствоның деректерді жариялау міндеті болмаса да жіберуге болады, бірақ мұндай жағдайларда жауап алу мүмкіндігі айтарлықтай аз. Бұл көбіне құпия деректерге қатысты болады.

Сұраныстарды КЕҰ-да да, коммерциялық ұйымдарда да жасауға болады. Олар әдетте коммуникативті және кем дегенде жалпы деректермен бөліседі.

6. Белгілі бір міндеттер үшін бюджеттер мен мемлекеттік сатып алуларды талдауға болады. Кейбір ведомстволар зерттеушілерге жасанды интеллект арқылы қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қазір олардың саны аз.

Сот шешімдерінің мәтіндерімен жұмыс істеуді, әлеуметтік желілерді талдауды, жалпыға қол жетімді көздерден алынған деректерді талдауды қажет ететін нақты міндеттер бар. Бірақ бұл журналист алдымен деректерді зерттеп, оның негізінде материал жинауға болатынына қатысты.

Қорыта айтарымыз, ғылымның қай саласы болмасын деректер базасын дата-аналитика үлгісінде жинақтап, жариялауға бейімделуі керек. Шетелдік ұйымдарда дата-аналитика саласына сұраныстың артуы бекер емес. Отандық ғылымды дамыту үшін, сандық технологияларды меңгеру үшін біз жасанды интеллекттің барлық мүмкіндіктерін меңгеруге талпынуымыз қажет. Бүгінгі ғылым диджитал журналистикамен тығыз байланысты. Әрбір жаңалық сандық форматта жаңартылып, қолжетімді болуда. Осы ретте медианың рөлі ерекше.

1. Gray Jonathan, Lucy Chambers and Liliana Bounegru. The Data Journalism Handbook. How Journalists Can Use Data to Improve the News. O'Reilly Media, Sebastopol, 2012. 221p.

2. Савельев В. Статистика и котики. - Москва. АСТ, 2018. 255 с.

3. Python Data Tools, Data Science Central, March 2013 Access mode: <http://www.datasciencecentral.com/profiles/blogs/python-data-tools> (date of the application: 23.01.2024)

4. Коронавирус в мире: данные по странам и регионам. Режим доступа: <https://www.bbc.com/russian/news-51706538> (дата обращения: 26.01.2024)

5. The Guardian Datablog. Access mode: <http://www.theguardian.com/news/> (date of the application: 28.01.2024)

6. Қанды қаңтар құрбандары. Кіру режимі: <https://www.azattyq.org/a/qandy-qantar-qurbandary-2022/31874931.html> (қаралған күні: 23.12.2023)

7. Қанды қаңтар құрбандары. Кіру режимі: <https://www.azattyq.org/a/32219116.html> (қаралған күні: 28.01.2024)

Аман Н.Ә., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, топ – ИО-23-1к, студент

(Ғылыми жетекші – п.ғ.м., аға оқытушы Ыбырайхан М.Б.)

ҚҰНАНБАЙ ӨСКЕНБАЙҰЛЫ: ЕЛ ҚАМҚОРЫ ЖӘНЕ ДАЛА МЕЦЕНАТЫ

Құнанбай тұлғасы халық жадында көсемнің классикалық бейнесінің ерекшелігімен, даланың асыл текті, ақсүйек билеушілерімен ұқсас болуымен сипатталады. Құнанбай қажы өмірден өткеннен кейін де, қаншама жылдар өтсе де, оның ру басшысы, би, судья ретінде, Қарқаралы округінің аға сұлтаны лауазымында да байқалған бірегей басқару стилі жайлы сақталған естеліктер кездеседі. Ол тек өз

туыстарының қажеттіліктеріне үнемі назар аударып қана қоймай, далада өмір сүрудің төтенше жағдайларында оларды көшпелі ортадағы өлшемдер бойынша бағалай отырып, талапшылдық және оларға қатысты қатандық көрсетіп басқара білген, сол арқылы құрметке ие болған тұлға. Ұлттың ортасындағы осындай ерекше қасиетті тұлғалар шын мәнінде сирек кездесетін адамдар қатарынан болып есептеледі. Көшпелі қоғамда билеуші күшті мінезден бөлек, сендіре білу, ерекше табиғи түйсік және шешендік қасиеттерге ие болуы керек еді. Сонымен қатар, халықтың дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, заңдарын жетік білу қажет болған. Құнанбай бойында осы қасиеттердің барлығы дерлік кездескен.

Құнанбай – дәстүрлі қоғамда өмір сүрген көшпелі ата-бабаларымыздың мыңжылдық тәжірибесімен жинақталған білімінің иесі және сақтаушысы, сонымен қатар ұлтқа таратушысы еді. Құнанбай мал шаруашылығында жаңа ұстанымдарды қарастыра отырып, көшу бағыттарына өзгерістер енгізе білді. Құнанбай қыңыр және тынымсыз далалық көшпелі өмірге қарамастан, өз болысындағы ауылдарға жайылымға жер бөліп, жыл сайын көшу бағыттарын құрып отырған. Ол қарамағындағы ауылдардың ресурстарсыз қалмауын қамтамасыз еткен басшы және ұйымдастырушы болып табылады. Сонымен бірге, ол ешуақытта тұрғындардың жұмыссыз қалуына жол бермеген. Қарапайым халықты өзінің үлгісімен басқара білді, көмек берді, дегенмен өз туыстарына келгенде салқынқанды болды. Құнанбай әділеттілік ұстанымдары мен білімді біріктіре отырып, ислам діні қағидаттарынан аттамай, елді басқарған тұлға болып табылады. Ол, дүниеге келген заман, ащы ақиқат заманы еді десек те болады. Құнанбайға халықтың терең және шексіз құрметі болуының себебі, ол аталған қасиеттерден басқа, өз шешімдері мен әрекеттерінде көрінетін шынайы халықтық сипатқа ие болған. Көп жағдайда өте қатал көшбасшы ретінде сипатталады. Тарихта тек келбеті ғана емес, іс жүзінде де қатал болғаны расталған. Оның құқық бұзушы, заң бұзушыларға қарсы қолданған жазалары жайлы аңыздар әлі күнге дейін халық жадында.

Оқырмандардың көпшілігі Қ. Өскенбайұлы жайлы ғылыми әдебиеттерден емес, көп жағдайда публицистикалық жарияланымдардан біледі. Құнанбай туралы алғашқы түпнұсқа деректер ретінде поляк зерттеушісі Адольф Янушкевичтің күнделігін атап өтуге болады. А. Янушкевич 1830-1831 жж. поляк көтерілісіне қатысқаны үшін Сібірге жер аударылған болатын және кейіннен сібір қырғыздарымен бірге Шекаралық басқармада жұмыс істеді. 1846 ж. ол генерал Вишневский экспедициясының құрамында даланы аралаған және Аягөз бен Қарқаралы округтерінде халық санағы, мал санау жұмыстарында жүрген. Осы тұста ол Құнанбаймен бірнеше күн сұхбаттасу мүмкіндігіне ие болған [1]. Қазақстанда А. Янушкевичтің кітабы «Дневники и письма из поездки по казахским степям» деген атпен 1966 жылы Алматыда орыс тілінде, 1979 жылы қазақ тілінде басылып шықты. Сонымен қатар, Құрбанғали Халидтің «Тауарих Хамсасын» да тұлға туралы құнды деректер кездесетін шығарма ретінде атап өткен жөн [2]. Естелік ретіндегі құнды деректер: Әрхам Ысқақовтың «Абайдың өмір жолы», Тұрағұлдың «Әкем Абай туралы» естелігі, әсіресе Ахат Шәкәрімұлының «Құнанбай туралы» және «Менің әкем, халық ұлы - Шәкәрім» болып табылады [3]. Мысалы, Ахат Шәкәрімұлы өз естеліктерінде Құнанбай туралы келесі сөздерді қалдырған: «Егер Құнанбай жайын білгің келсе қорқытпай, үркітпей елден – халықтан сұра, ары зор, адамшылығы мол адамдардан сұра. Мені шылғи өтірік айтып отыр деуге өз арың да бара қоймас. Қажет етсең, керегіңді аларсың, керексізін тастарсың. Бірақ, мынаны ойла, феодал дәуірінде болсын, капитал дәуірінде болсын халық өзінің аяулы ұл-қыздарын туғызып отырады. Солардың бақыттылығымен, өмірін тілейді. Құнанбай халқы сүйген, ақылды, шешен, адал, парасатты және халқына еңбек еткен тұлға болды». Бұл деректер Құнанбайдың көзін көргендерден және туыстарынан тікелей жазып алынған ауызша естелік ретіндегі құндылығымен ерекше болып келеді. Ауызша дерек замана тынысы, қоғам сипаты мен тұлғаның бейнесін дәл көрсетуге арналған таптырмас құнды деректердің бірі.

Құнанбай тұлғасын аталған деректерге және т.б. құнды мәліметтерге сүйеніп жазған зерттеушілер ретінде Т. Жұртбай және Е. Сыдықов болып табылады [4, 5]. Т. Жұртбайдың «Құнанбай» атты еңбегінде бидің қаталдығы мен кесек мінезі жайлы айтылған. Зерттеу жұмысынан Шыңғыстауды мекен еткен халықтың сол кездегі өмірбаяны жайлы білуімізге болады. Өзара жауласулар, рулық кектесулер, барымтасырымталар туралы көрсетілген. Қазақта екі Құнанбай бар. Бірі-өмірде болған, тарихи құжаттар мен естеліктерде айтылған нағыз Құнанбай. Екіншісі-Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай. Осы екі Құнанбайдың екіншісін халық таниды да, біріншісін жұрттан естігені болмаса, толық білмейтіні байқалады.

Е. Сыдықовтың «Құнанбай» атты еңбегінде архивтік деректер мен сирек қолжазбалардың мәліметтері кездеседі. Олардың бірі М. Әуезов жазған «Абай жолы» романының алғашқы, бірақ шығарылмаған нұсқасы болып табылады. Ол нұсқа қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының орталық кітапханасындағы №594 қорда сақтаулы. Құнанбай туралы келтірілген тағы бір сирек қолжазба дерегі ретінде С. Ғаббасовтың «Айқап» журналының 1915 жылғы 6 санында шыққан «Тарих қазақ жайынан» деген мақаласын айтуымызға болады. Сонымен қатар, «Түрік пен черкес ісі» қарастырылған, Омбы архивінде сақталған, Сібір Қырғыздары жарлығында келтірілген №345 істі құнды архивтік дерек ретінде атап өтуге болады. Тобыл округінде қолға түскен «түрік пен черкес» оқиғасы бірнеше жылға созылған. Бұл оқиғаның Құнанбаймен тікелей байланысы болған, онда Құнанбай айыпталушылар өзге ұлт өкілі болса да, әділетті жақтаушы ретінде көрсетілген.

Жоғарыда аталған зерттеу жұмыстарынан бөлек, мерзімді басылым беттеріндегі жарияланымдарды да атап көрсеткен жөн. Бұл мақалалардың авторлары ретінде Е. Мустафин, С. Ахметова, А. Строкова секілді

және т.б. белгілі өлкетанушылар мен журналисттер жиі кездеседі [6, 7, 8]. Мақалалар тарихи және әдеби мазмұнда жазылып, бірқатар құнды мәліметтер келтіреді.

Шыңғысхан заманынан белгілі салт тек ақсүйектер ғана билікте бола алды. Тарихи деректерге сүйене келе Құнанбайдың арғы ата-бабалары: Өскенбай мен Ырғызбай қарапайым орта таптан шыққанымен, елді аузына қаратқан би болған. Алдыңғы буын тәлімін көрген Құнанбай олардың ізін лайықты жалғастыра білді. Осыған байланысты Құнанбай тұлғасы көркем әдебиетте: «қарадан шыққан хан» ретінде сипатталады. 1824 жылы қаңтар айында сол кездегі заңға қарамастан Құнанбайды Қарқаралы округіне аға сұлтан болуға шақырады. Құнанбайдың салықпен еш уақытта мәселесі болған емес, оның бойында пара алу немесе пара беру қасиеттері болған жоқ. Құнанбай 1840 жылы билер сотында бақылаушы ретінде болған. 1841-1846 жылдары уез сотында би болған. Бірақ, Құнанбайдың ел басқару ісі мен жалпы өмірінде әрдайым жолы оңынан бола бермеген.

XIX ғасырдың бірінші жартысынан бастап қазақ даласына саудагерлер көптеп келе бастады. Қазақ жерінің шығысына келген алғашқы саудагерлердің бірі – Хайдар есімді Ташкенттік көпес. Саудагерлердің әділетсіз әрекеттері көп наразылықтарды тудырған, осыған байланысты тарихта қалған «Қызыл бұзаудың сатылуы» оқиғасын атап өтуге болады. Хайдар секілді жолмен әділетсіз сауда жасаған Антиктыв есімді саудагер 1838 ж. Құнанбайдың үстінен арыз жазады. Сонымен қатар, Құнанбайдың үйіне баса көктеп кіріп, қоқан лоқы көрсетеді, осы кезде Құнанбай сабыр сақтаған. Себебі, сотта жеңуі үшін қарсы тарапқа келтіре алатын жайт керек болып, баса көктеп кіруге қарсы әрекет жасамаған. 1840 жылы Антиктыв Құнанбайдың үстінен жаңа арыз түсіріп, «Құнанбайды түрмеге жапсын», - деп негіздеген болатын. Сот ісі 1848 ж. қарастырылып, шешімі шықпаған соң, Баянауыл округіне жолданады. 1853 ж. ғана 15 жылға созылған сотта соңғы шешім шығып, Құнанбай жеңеді [5, б. 121]. Бұл оқиғадан Құнанбайдың әділетсіз саудагерлерге қарсы қарапайым халықты жақтаған әрекетін және сот жүргізу істеріндегі сауаттылығы арқылы жеңіске жеткенін байқай аламыз.

1843 жылы қазақ жеріне патшалық Ресей үкіметі тарапынан поляк зерттеушісі Адольф Янушкевич келді. Құнанбай екеуі Аягөздегі конгресте танысып, А. Янушкевич көргендерін және анықтаған деректерді өз күнделігіне түсіріп, Польшадағы туыстарына хат арқылы жолдап отырған. Ол кісіні қазақ елінің меймандостығы, әдет-ғұрпы, тілі, салт-санасы, ақындық, шешендік өнерлері қызықтырған. Құнанбай би екеуі жақсы тіл табысқан, олардың бір-бірін түсіну себебі, олардың арасында айту және тыңдау тепе-теңдігі болды. Құнанбай айтуға құмар, ал А. Янушкевич тыңдауға, білуге құмартты. А. Янушкевич көшпелі халықтың тұрмысын жазуға қызықты. Құнанбайға даулы мәселелермен келген халықтың оқиғаларын, зерттеуші өз күнделігіне жазып отырды. А. Янушкевич қалдырған күнделікте мынадай сөздер кездеседі: «Все бай (богачи) недостойны развязать ремешок на обуви Кунаббая» [1, б. 96]. 1846 ж. тамыз айында А. Янушкевич пен Құнанбай бірге болады, күнделік олардың ресми түрде араласқанын растайды. А. Янушкевич қазақ тілін жақсы білді, түсінді, жаза алды, дегенмен қазақ тілінде сөйлей алмады.

Күн сайын Құнанбай адамдарды қабылдады, округтегі түрлі мәселелерді шешті, басты міндеті салық жинау болды, ол жұмысын ерекше тиянақтылықпен атқарды. 1850 жылы шешекке қарсы акция басталған болатын. Құнанбай ауыл-аймақтан жастарды жинап, Омскке шешекке қарсы емді үйреніп, екпе егуді меңгеруге жібереді. 1851 жылы патшалық Ресей үкіметінің отырықшыландару, егін шаруашылығына көшіру стратегиясы бойынша әрекеттері орын алады. Жер жыртылып, дән себіледі. Ертеден көшпелі мал шаруашылығына үйреніскен халыққа бұл стратегия қиындықтар алып келеді. Ел арасында әртүрлі келіспеушіліктер пайда бола бастайды. Қазақтар көшпелі мал шаруашылығын жүргізуді тоқтатады дегенге ешкім сенбеген болатын. Халыққа итжеккенге қудалану тозақпен тең көрінді, сондықтан үкіметтен келген бұйрықты орындауға міндетті болды. Әр адамның бойында Сібірге жер аударылып кетпеуім керек деген түсінік пайда бола бастады. Отырықшылыққа көндіруге бағытталған патшалық биліктің әрекеттері ел арасында болатын өзімшілдік, көре алмаушылық, алауыздықтар, билікке таласқа алып келді.

Құнанбай білімді қатты құрметтегендіктен, өз аймағындағы барлық ауыл балаларын оқытып, өз ұлтын ғана емес, өзге ұлттарды да білімге баулыды. Оған мысал ретінде: татар жерінен келген – Ғабитхан, кішкене Молда, Ысқақ ұрпағы, Түркістаннан келген-Бердіқожа, Кавказдан келген – Ғабдоллаларды айта аламыз [5, б. 231]. Бұл кісілер қазақша үйреніп, білім алып, кейініректе қазақ балаларына білім берген оқытушыларға айналды. Құнанбайдың мәрттігі жазықсыз адамдарға ұлтына қарамастан қамқорлық жасауынан байқалатын. 1855 ж. мамырда орыс әскери шендісі Труцов Ресей аумағынан келген қашқын адамдарды қолға түсірумен айналысып бастаған. Қашқындар Құнанбай болысына, Шыңғыстауға келіп жасырынған еді. Бұл қашқындар Ресей аумағында озбырлыққа ұшыраған: түрік әпендісі және черкес болатын. Құнанбайға олар туралы хабарды бала Абай жеткізген. Труцов олардың ізінен біраз уақыт аңдып, қашқындар өз еркімен берілмеген соң, Құнанбайдың қарамағындағы халықты тергеп, күш көрсете бастады. Бала Абай оларды Семей жаққа өткізіп жібереді. Бірақ, қашқындар ақылға салып, егер жасырынса, жергілікті тұрғындар зардап шегетінін біліп, бір айдан соң өз еріктерімен қолға түсті. Олардың ісі Семей сотында қаралып, қашқындар ату жазасына кесілді.

Құнанбай-қазақтың өзіндік болмысын сақтау жолында тынымсыз күресті, Кенесарыны қолдаушылардың қатарынан болды. Оған дәлел итжеккенге жіберер алдындағы тергеуде айтқандары: «Кенесарының жеке басында тұрған ештеңе жоқ, күні кеше болған қырғын қазақтардың қабырғасын қайыстырды. Үкімет жерді тартып алып, мал басын азайтып, халықты кіріптар етті, сондықтан халық Кенесарыны қолдап еркіндік үшін күрес бастады. Ал, мен дін бауырыма қарсы келе алмадым, себебі оның

жасап жатқан әрекеттері патшалық үкіметті құлату емес, өз халқын азат ету болатын. Тағдырын сеніп тапсырған халықты бұлай қинауға болмайды», - деп айтқан.

Ұлы тұлғаның көлеңкеде қалып қоюы үлкен қателік болар еді. Қарқаралы өңірінде тұрғызылған Құнанбай ескерткіші ой саларлықтай жасалған. Онда Құнанбайдың алдында бала Абай бейнеленген. Осы ескерткіштің өзінен-ақ халық Құнанбайды тек Абайдың әкесі ретінде ғана танытынын байқауымызға болады. Құнанбайдың ата-аналық сіңірген еңбегінен бөлек, өзі туралы білетініміз аз болса керек. Ол рулық негіздегі дәстүрлі қоғамның жалынды, қамқор, жігерлі жақтаушысы және ерекше күрескер тұлға болды. Алайда қазақ халқы Құнанбайды тек бұрмаланған «Абай жолы» романы арқылы ғана танып білген. Қатаң жазаға ұшырамау үшін М. Әуезов «Абай жолы» романын екі рет жазды. Сондықтан шындықты іздеуде логикалық дәлелдеулермен қатар тарихи құнды деректерге жүгінуіміз қажет. Өмірдің шынайы сылтауы тек уақытты бере алады, ол мәселені шешпейді. Сондықтан Құнанбайға ақтау қажет емес. Құнанбай өзі өмір сүрген көшпелі қоғам секілді еркін еді. Тіпті шекара басқармасында оған қарсы іс басталып, түрмеге түсу қаупі төнген кезде де... Өз замандастары арасында Құнанбайдың бәрінен жоғары болғаны түсінікті. Ол жай ғана өзін жоғары көтерді, биікке көтерілуден еш қолайсыздық сезінбеді. Осындай Құнанбай тұлғасы енді ғана зерттеліп келуде. 1934 жылы «Абай романы» жазылып болған соң, Абай ізгі, Құнанбай залым болып шыға келді. Құнанбай теріс сипатталып жазылса да, халқының ардақтысын ұлт тарихы жойған емес!!!

1. Янушкевич А. Қазақ даласына жасалған саяхаттан күнделіктер мен хаттар (Қазақ этнографиясының кітапханасы 29-ші том) – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006, – 390 б.

2. Халид Қ. Тауарих хамса: (Бес тарих) Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.

3. Абай туралы естеліктер: Абайдың мемлекеттік қорық-музейінің қорынан / құраст. Б. Жүнісбеков. – Алматы: Қаламгер, 2018. – 501 с.

4. Жұртбай Т. Құнанбай: тарихи және әдеби тұлға. - Алматы: "Алаш" баспасы, 2004. - 400 с.

5. Сыдықов Е. Б. Құнанбай. - Москва: Молодая гвардия, 2019. - 349 с.

6. Ахметова С. Наследие Құнанбая // Индустриальная Караганда. - 2014. - 4 сент. (№ 154/155). - С. 4.

7. Строкова А. Незнакомый Құнанбай // Индустриальная Караганда. - 2015. - 12 дек. (№ 184). - С. 8.

8. Мустафин Е. Меценат из Карқаралы // Индустриальная Караганда. - 2021. - 24 апр. (№ 44). - С. 6.

Амангелді Ж.А., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, исторический факультет, гр. МО-38р-21, студент

(Научный руководитель — к.и.н., ассоциированный профессор Досова Б.А.)

СЕРБИЯ И ЕВРОПЕЙСКИЙ СОЮЗ: ДОЛГИЙ ПРОЦЕСС ПЕРЕГОВОРОВ

Процесс интеграции бывших союзных республик Югославии в Европейский Союз (ЕС) – важный шаг на пути их экономического и политического развития. Членство в ЕС может дать этим странам возможность укрепить демократические институты, улучшить условия жизни своих граждан и расширить экономические связи с другими странами Европы.

Бывшая Югославия в девяностые годы XX века распалась на шесть независимых республик: Сербию, Хорватию, Боснию и Герцеговину, Черногорию, Словению и Северную Македонию. После начавшегося распада Югославии в 1991 году, эти бывшие союзные республики столкнулись с вызовами национальных конфликтов и экономической нестабильности. В то же время, Европейский союз становился все более привлекательным для стран региона, обещая экономический рост, безопасность и стабильность.

Актуальность научной проблематики статьи определяется тем фактом, что Балканы – это не геополитическая периферия. Это то место Европы, с которого начинались самые кровопролитные и масштабные конфликты XX века, такие как Первая мировая война и югославские войны. Соответственно возникает вопрос: а будут ли в данном регионе еще войны, теперь уже в XXI веке? На данный момент самыми взрывоопасными «пороховыми бочками» Балкан являются частично признанная республика Косово, Босния и Герцеговина – две самые экономически бедные страны Балканского полуострова. Косово, к тому же, стала «камнем преткновения» в желании Сербии стать частью Европейского Союза.

Целью статьи является анализ процесса интеграции Сербии в Европейский союз. Для достижения данной цели необходимо проанализировать возникшие проблемы Сербии на пути к евроинтеграции, предпринятых мер для их преодоления и достигнутых результатов в данном процессе.

Республика Сербия – это государство, которое находится в юго-восточной Европе, на Балканском полуострове. На западе она граничит с Хорватией (член ЕС) и Боснией и Герцеговиной (кандидат на вступление в ЕС). В составе Сербии есть де-юре два автономных региона: Воеводина и Косово. В 1992 году нынешние Сербия и Черногория стали со-основателями федеративной Союзной Республики Югославия, которая в 2003 году была преобразована в государственный союз Сербии и Черногории. В 2006 году Черногория провела референдум о выходе из союзной республики и объявила независимость. Сербия в 2006 году стала отдельным государством в результате прекращения существования союза Сербии и Черногории.